



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Білім беру үдерісінің оқу-тәрбие және эксперименталды-зерттеу аспектілерін үйлестіре алатын білікті, бәсекеге қабілетті педагог-психологтарды дайындау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, қазіргі заманғы отандық және әлемдік тәжірибенің, мамандану саласындағы авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктерімен оқу-әдістемелік әзірлемелер бағыттары бойынша даярланып әзірленген. 6В01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша басым бағыттардың бірі қос дипломды білім болып табылады.

Нарықтағы сұранысы. Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сәйкес Қазақстанда білім беру ұйымдарының желісі 18 600 құрады, оның ішінде 10 314 мектепке дейінгі ұйым (қалада 4 057 және ауылда 6 257), 7 393 жалпы білім беретін мектеп (оның ішінде 2 055 қалалық және 5 338 ауылдық мектеп (72%), 769 колледж және 124 ЖОО.



Республикада девиантты мінез-құлықты балаларға арналған 7 арнайы мектеп, 19 кәметке толмағандарды бейімдеу орталығы және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің деректері бойынша елімізде 17 мыңнан астам бала тәрбиеленетін 11 788 жайсыз отбасы бар.

Кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтары жанында өмірлік қиын жағдайда қалған балалар мен ата-аналарға консультациялық, құқықтық, психологиялық, педагогикалық көмек көрсететін отбасын қолдау қызметтері жұмыс істейді.

Қазақстанда 1-ден 6 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар 31 405 бала тұрады. Олар үшін 43 арнайы мектепке дейінгі ұйым және 109 педагог-психологты психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету көмегін көрсететін 201 мектепке дейінгі жалпы білім беру ұйымында 469 арнайы топ жұмыс істейді.

Мектеп білім беруде денсаулық жағдайына қарамастан барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерге тең құқықтар қағидаты іске асырылады. Шетелдік зерттеулердің деректері бойынша, мүмкіндігі шектеулі балалар буллингтің түрлі нысандарына үш есе көп бейім. Сондықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін қолайлы психологиялық климат құру маңызды. 2019 жылы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің желісі 152-ден 185-ке дейін, психологиялық - медициналық-педагогикалық консультациялар-58 бірліктен 85-ке дейін кеңейтіледі.

Ресми статистикалық мәліметтерден көрініп тұрғандай, қазіргі кезеңде білім беру саласындағы педагог-психолог мамандарға деген қажеттілік жоғары.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (АҚШ)
----------------------	---

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

1. Лондон жаһандық London's global university (мамандық - Психология) - 43%;
2. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (мамандығы- Психология) - 34%;
3. Варшава университеті Uniwersytet Warszawski – мамандық - Психология) - 28%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған түлектер білім беру ұйымдарында: жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде, арнайы мекемелерде, сондай-ақ оңалту орталықтарында психолог болып жұмысқа орнаса алады.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- білім беру қызметі саласында: - оқыту мен тәрбиелеу процесін психологиялық сүйемелдеу; жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік оқу орындарында сабақтар жүргізу мен кеңес беру, нақты жағдайларда психологиялық білімдер мен қолданбалы ептіліктерді жүзеге асыру;



2 кәсіби құзыреттілік саласы

- оқу-технологиялық қызмет саласында: - білім алушылардың дамуында психотехнологияларды таңдап алу мен пайдалану; - ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, психологиялық ақпараттарды іздеу мен өңдеу процесін ұйымдастыруға қатысу.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- әлеуметтік-психологиялық қызмет саласында: - білім алушылардың тәрбиесі мен дамуына қолайлы жағдай жасап, психологиялық қолдау көрсету; - өндірістік ұйымдарда, алдын-алу мен емдеу ұйымдарында, пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) мекемелерде кәсіби қызметті психологиялық қамтамасыз ету; - психологиялық түзету мен психологиялық алдын-алу мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

- эксперименттік-зерттеу іс-әрекеті саласында: - психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеп білу; - психологиялық-педагогикалық тәжірибелерді зерттеп білу мен жалпылау; адам факторларын зерттеп білу бойынша ғылыми-зерттеу бағдарламаларындағы психологиялық жұмыстар.

5 кәсіби құзыреттілік саласы

- ұйымдастыру-басқару іс-әрекеті саласында: - кәсіби іс-әрекеттерді жоспарлау мен ұйымдастыру; - оқу-білім беру процесін өткізу мен ұйымдастыру тәсілдерін анықтау.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН-1: Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН-2: Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН-3: Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН-4: Педагог-психологтың кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттерін: инновациялық ойлау және әлеуметтік интеллект; эмоционалды-ерік тұрақтылығы, күйзеліске төзімділігі; тілектестік, эмпатия және рефлексия, жауапкершілік, мақсаткерлік, икемділік, өзіне сенімділік, топ құру және топтық жұмыс қабілеттерін меңгереді.

ОН-5: Оқу үдерісін жобалау кезінде оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық мәселелерін шешу үшін қажетті технологияларды іріктеп, қолдану дағдыларын меңгереді.

ОН-6: Түзету білім беру мекемелерінде педагогикалық үдерісті оңтайландыруда психологиялық көмек көрсетеді.

ОН-7: Девиантология, экстремалды және дағдарысты психология, оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу саласындағы эксперименталды-зерттеу жұмыстарына арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын меңгереді.

ОН- 8: Педагогика және психология саласындағы кәсіби білім мен түсінікті терең меңгереді.

ОН-9: Жалпы психологиялық заңдылықтар контекстінде нақты ұсыныстар әзірлеп, әртүрлі қызмет түрлерінде тұлғаны психологиялық жағынан сүйемелдеп модельдейді.



ОН-10: Тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кез-келген мүмкін болатын қолайсыздықтың алдын-алуға бағытталған психопрофилактикалық жұмысты жоспарлайды.

ОН-11: Педагогикалық және психологиялық білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатнастың әр түрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
ТА1	+	+	+				+	+	+	+	+
ТА 2	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 3	+	+		+					+		+
ТА 4	+			+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 5	+				+	+				+	+
ТА 6	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

6В01101 – Педагогика және психология БББ бойынша кітапхана қоры 2022 жылдың 1 мамырынан 22761 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 4429 дана, орыс тілінде - 17754 дана және шет тілінде - 578 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасының студенттеріне келесі ғылыми журналдарға қол жетімділік қамтамасыз етілген:

«Психология мәселелері», «Психология», «Психологиялық ғылым және білім» «ҚазҰҚПУ Хабаршысы», «ҚазҰУ Хабаршысы» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Психология сериясы), «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналы, «Хабаршы» Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналы (Психология сериясы).



2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын Теориялық және практикалық психология кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны - 17 адам

Ғылым докторы – 1

Ғылым кандидаты – 6

Философия докторы (PhD) – 2

Магистр – 8

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 53%.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары Кадрлық анықтамалығында көрсетілген.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.



3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Гоголь 114 мекенжайы бойынша орналасқан №111 кабинетте терапевтік сессияларды өткізу және жеке кеңес беруге арналған оқу-сыныбы – шеберханасы, Гоголь 161 мекен-жайы бойынша орналасқан АКТ мен жабдықталған №313, 312, 314, 316, 209 кабинеттер.

Практика базалары:

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті	ынтымақтастық туралы Меморандум, 12.12.2018 ж.
2.	«Кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау баспанасы» КММ (Алматы қаласы)	келісім шарт №33, 16.11. 2019 ж.
3.	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы, келісім шарт №44, 12.03.2019 ж.
4.	«К. Ахметова атындағы Республикалық мамандандырылған олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледжі» КММ	келісімшарт №11, 14.10.2019 ж.
5.	№ 3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы КММ (Алматы қаласы)	келісімшарт №39, 16.11.2019
6.	Алматы қ. «№91 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	келісімшарт №26, 16.11.2019 ж.
7.	Алматы қ. «№90 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	келісімшарт №40, 16.11.2019 ж.
8.	«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облыстық №1 балалар үйі» КММ	өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум, 31.10.2020 ж.
9.	«Ана үйі-Дом мамы» қоғамдық қоры	өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум, 31.10.2020 ж.
10 .	«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Алматы қалалық оңалту орталығы» білім басқармасы КММ	өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум 15.01.2021 ж.
11 .	Алматы қ. "№14 бөбекжай-балабақшасы" МКҚК	келісімшарт №23,06.09.2021 ж.
12 .	Алматы қаласындағы "ADAM" Еуразиялық жеке тұлға институты	келісімшарт №22, 06.09.2021 ж.
13	№1 Алматы мемлекеттік гуманитарлық педколледжі, Алматы қ.	келісімшарт №40, 01.11.2019 ж.
14	2. Алматы мемлекеттік гуманитарлық педколледж №2 Алматы қ.	келісімшарт №41, 01.11.2019 ж.